



ҮКІМЕТ

ЕЛІМІЗДІҢ ҮШ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МӘЖІЛІСТІҢ ҚАРАУЫНА ҰСЫНЫЛДЫ

Үкімет «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасын Мәжіліс депутаттарының қарауына ұсынды. Құжат еліміздің 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде әзірленді.

Депутаттарға заң жобасын Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы таныстырды.

Заң жобасы еліміздің 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленді. Бюджет параметрлері кепілдендірілген трансферт, шығыстардың өсу қарқыны және бюджет тапшылығына қатысты қағидаларға сай келеді. Жалпылай алғанда, 2024 жылға бюджет түсімдері 20,4 трлн теңге деңгейінде болады деп болжанады. Трансферттерді есепке алмағанда 2024 жылғы кірістер көлемі 16,1 трлн теңге немесе түсімдердің жалпы сомасының 80% мөлшері деп жоспарланады. Келесі жылы Ұлттық қордан 3,6 трлн теңге көлемінде трансферт тарту жоспарланған, оның ішінде нысаналы трансферт - 1,6 трлн теңге, - деді ол.

Оның айтуынша, бұл қаражаттар әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады. Оның ішінде автомобиль жолдарын, жылу, газ және сумен жабдықтау желілерін, инженерлік желілерді жаңғырту, сондай-ақ «Жайлы мектеп» және «Ауылдағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту» сынды ұлттық жобалар шеңберінде бірқатар әлеуметтік нысандарды салуға жұмсалмақ.

2024 жылы бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,6% деңгейінде болады деп болжанады, ал 2026 жылға қарай біртіндеп 2,3%-ға дейін төмендейді. 2024 жылғы бюджет шығыстары 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 трлн теңгеге ұлғайып, шамамен 24 трлн теңгеге құрайды. Атап айтқанда, бюджет шығыстарының негізгі үлесі әлеуметтік салаға тиесілі және ол 2024 жылғы бюджет шығыстарының 40%-дан астамын құрайды. 2024 жылға арналған әлеуметтік төлемдер шығыстары 5,3 трлн теңге сомасында көзделген, оның ішінде базалық зейнетақы мен жәрдемақылар инфляция деңгейіне сай қайта есептелген, қамсыздандырылған зейнетақы - инфляциядан 2% жоғары, - деп толықтырды сөзін вице-министр.

Балалары бар отбасыларды қолдау үшін бала күтімі кезеңі 1,5 жасқа дейін ұлғайтылды, 2023 жылдан бастап 93 мыңға жуық көп балалы аналардың

жәрдемақысы ұлғайтылды. Бұл мақсаттарға 2024 жылы 93,3 млрд теңге қарастырылған.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әйелдердің зейнеткерлік жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалады. Бұл 150 мыңнан астам адамға әсер етеді және есептік кезеңінде шамамен 473 млрд теңгені қажет етеді.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасын іске асыру үшін 2024 жылы 3,5 трлн теңге қарастырылған. Білім беру саласын дамытуға арналған шығыстар 2023 жылға қарай 291 млрд теңгеге өсіп, 1 трлн теңгеден асты.

«Ауылдағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруға 2024 жылға арналған бюджет жобасына 35,1 млрд теңге қарастырылған. Бұл 4 миллионнан астам ауыл тұрғындарын мамандандырылған медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы республикалық бюджетте спорт, туризм және мәдениет салаларын дамытуға 298 млрд теңге көлемінде қаражат жоспарланған.

Келесі жылы ақпарат пен қоғамдық даму саласына арналған бюджет шығыстары 77 млрд теңге сомасында болады деп жоспарланады. Бұл қаражат мемлекеттік ақпараттық саясатты, қоғамдық даму мен келісім шараларын жүргізуге, сондай-ақ жастар мен отбасы саясатын іске асыруға бағытталатын болады.

Бұл ретте экономиканың нақты секторын дамытуды қолдауға 2024 жылға 2,8 трлн теңге көзделген. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібіндегі ірі жобаларды қаржыландыруға 120 млрд теңге бағытталатын болады. Жалпылай алғанда, 2024 жылға арналған жалпы мемлекеттік шығыстар 2023 жылға қарағанда 713 млрд теңгеге өсті. Мұнда ең көп үлес субвенцияға (бюджетаралық трансферт) тиесілі - 5,3 трлн теңге.

Үкіметтік қарызға қызмет көрсету шығыстары - 2 трлн теңге, бұл бағалы қағаздардың ішкі нарығын дамыту басымдықтарына сай келеді. Бұдан бөлек, шұғыл шығындарды қамтамасыз ету және төтенше жағдайларда жою үшін үкіметтік резервке 417 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысының бастамаларын жүзеге асыру үшін - 100 млрд теңге, - деп сөзін түйіндеді Абзал Бейсенбекұлы.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС ӨСКЕРЛЕРІ ТАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗДІ



31 тамыз бен 7 қыркүйек аралығында Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық қорғаныс бригадасы Мағжан Жұмабаев аудандық қорғаныс істері бөлімінде тіркелген әскери міндеттілер құрамымен жумылу, қорғану және жауынгерлік үйлесімдік бойынша іс-шаралар кешенін өткізді. Оған ауданның 67 азаматы шақырылып, олар он күн бойы жаттықты.

Жалғасы 2-бетте.

ОРАҚ - 2023

КҮЗГІ ЖҮЙН-ТЕРІМ ЖҰМЫСТАРЫ КЕШЕҮІЛДЕП ЖАТЫР



Облыста жауын-шашынның салдарынан егін орағы шамамен бір аптаға кешеуілдеп жатыр. Әзірге дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың тек 27 пайызы ғана жиналды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, тамыз айында 51,9 мм. мөлшерінде жауын жауған. Бұл әдеттегі нормадан 108 пайызға артық. Жоғары ылғалдылық диқандарға піскен астықты жинап алуды қиындатып отыр. Салдарынан 30 тамыздан бастап 6 қыркүйекке дейін егін орағы уақытша тоқтатылды. Жауын-шашын басылғаннан кейін өңір диқандары алқап басына шыққанымен, облыста ауа райы тұрақсыз. «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәліметінше, өңірде алдағы күндері тағы да жауын жауамақ.

- Қазіргі уақытта облысымыздағы 919,1 мың гектар дәнді және дәнді-бұршақты алқаптың

астығы қамбаға күйілді. Жалпы биыл 3,2 млн. алқапқа дәнді, 960 мың гектар жерге майлы дақылдар егілген, - делінген басқарма берген хабарламада.

Күзгі дала жұмыстарына 13 мың техника жұмылдырылған. Егін орағына 58,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Өңірде 317 астық келтіргіш бар, олардың өнімділігі сағатына 9,7 мың тонна. Жауын-шашынға байланысты қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігіне өңірлерге арзан бағамен қосымша дизель отынын бөлу мәселесі қарастырылып жатыр. Жанар-жағармай бидайды келтіруге пайдаланылмақ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНДАРҒА СЫЯАҚЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Жыл басынан бері облыста сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған тұрғындарға 800 мың теңге берілді.

Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, тұрғындарға ақшалай сыяақы кінәлі адамға қатысты айыппұл үкімі немесе өкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін ғана беріледі.

Естеріңізге салсақ, сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеудің жаңа қағидалары бекітілген болатын. Оған сәйкес, егер пара сомасы немесе залал

1 000 АЕК - тен (шамамен 3,5 млн теңге) аспаса, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы өкімшілік істер бойынша сыяақы 30 АЕК (103 500 теңге), ауырлығы аз сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 40 АЕК (138 000 теңге), ауырлығы орташа - 50 АЕК (172 500 теңге), ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы - 70 АЕК (241 500 теңге) және аса ауыр қылмыстар туралы - 100 АЕК (345 000 теңге) көлемінде төленеді.

АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС ӘСКЕРЛЕРІ ТАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗДІ



Жалғасы, басы I-бетте.

Аумақтық қорғаныс – Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және коммуникацияларын қарсыластың әрекеттерінен, диверсиялық актілерден немесе терроризм актілерінен қорғау, сондай-ақ тотенше немесе соғыс жағдайы режимдерін енгізу және қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын іс-шаралар жиынтығы болып табылады.

8 қыркүйек күні Булаев қаласында Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық қорғаныс бригадасы басшылығы аумақтық қорғаныс бойынша оқу-жаттығу ұйымдастырып, шартты түрде манызды стратегиялық объект ретінде – су айдау мұнарасы алынды («Булаев су») ЖШС). Кешенді шараларға сәйкес аумақтық қорғаныс жауынгерлері қоршауға алынған манызды объектіні қорғау қажет болды. Аумақтық қорғанысқа кіретін барлық тиісті жергілікті билік органдары, құқыққорғау мекемелері мен әскерилер бірлесіп, шабуыл

жасаған лаңкестерді жойып, объектіні қорғап қалды. Бұл ретте, барлық күштер бір адамдай әрекет жасап, жолдарда жүруді тоқтатып, басшылықтың бұйрығын бұлжытпай орындап шықты. Осылайша, алға қойылған мақсат ойдағыдай орындалып, аумақтық қорғаныс жауынгерлері тиісті міндеттерге қол жеткізді.

Жалпы бұл жаттығуға қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамындағы әскери міндеттілер жұмылдырылған. Кәсіби әскери нұсқаушылардың жетекшілігімен олар теориялық және практикалық тұрғыда оқытудан өтеді. Әскерде алған мамандығы бойынша машығын нығайтып, қару-жарақ және техникамен жұмыс істеу дағдыларын қайта жетілдіріп, өзектендіреді.

Жиын барысында әскери міндеттілермен атыс сабақтары өткізіліп, жауынгерлік іс-қимыл жүргізудің жаңа тактикалық әдістері мен тәсілдері зерделенуде. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік сабақтар кезең-кезеңмен өткізіліп жатыр. Бастапқыда жеке, содан

кейін бөлімшелер құрамында дайындық өтеді. Іс-шаралар тактикалық және арнайы жаттығумен аяқталады.

Өткізіліп жатқан оқу-жаттығу туралы Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық қорғаныс бригадасына әскери жиынға шақырылған заңдастырған кіші сержант Жанат Тастекеев өз пікірін айтты. Ол 2009-2010 жылдары Шекара әскерлерінің құрамында әскери борышын өтеген. Әскери мамандығы – сапер екен.

– Шақыру қағазын алып, белгіленген уақытта Булаев қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келдім. Әріптестерім де, туыстарым да бұған түсіністікпен қарады. Олар менің заңдастырған сержант екенімді және қажет болған жағдайда әскерге шақырылатынымды біледі. Жеке құрамды қабылдау пунктінде бізге киім-кешек пен әскери құрал-жабдықтар берілді. Он күн бойы біз бұрын алған дағдыларымызды пысықтап, аумақтық қорғаныс әдіс-тәсілдерін шыңдадық, – деді әскери міндетті.

Мұндай шаралар кең байтақ еліміздің бірнеше облыстарында өткізілуде. Әскери жиын кезінде әскери бөлімге дейін және кері қайту жолындағы жүру уақытымен қоса, әскери міндеттілердің жұмыс орны мен атқаратын лауазымы сақталатынын, республикалық бюджет есебінен орташа жалақы төленетінін айта кету керек.

Түс ауа Солтүстік Қазақстан облысының аумақтық қорғаныс бригадасы басшылығы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігімен бірлесіп, салтанатты шара ұйымдастырды. Жиынға шақырылған 67 мағжандықтың 23-іне кезекті әскери атак берілсе, қалғандарына бригада басшылығымен аудан әкімінің атынан Алғыс хаттар табыс етілді. Іс-шара ауданның көркемөнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасымен ұласты.

Осылайша, абыройлы азаматтық борышын атқарған мағжандық жігіттер өздеріне жүктелген міндетті аяқтап, отбасыларына оралды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ЕМХАНАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА



Еліміздің басты құндылығы – адам. Ал адам денсаулығына қатысты түйткілді мәселелерді кейін ысырып қояға болмайды. Мемлекет басшысы еліміздегі емдеу мекемесі жоқ 650 елді мекенде екі жылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілетінін айтты. Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алаашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасамақ. Демек, денсаулық сақтау саласындағы шешімін табуы тиіс мәселелер кезек күттірмейді. Ауданымызда биыл бірнеше денсаулық сақтау объектілері жөндеуден өтіп, алдағы жылы да ол жалғасын таппақ.

Осы төңіректегі мәселелерді жете зерттеу үшін аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Сайранұлы Шеріпов аудандық емханаға барды. Аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықовамен бірлесіп аудан тұрғындарының медициналық көмек көрсетуді қажарту жөніндегі тілектерін тыңдап, өтініштерін қабылдады.

Емхананың жұмысы тұрақты бақылауда болатынын жеткізген Гүлбану Төлегенқызы биыл

ауданға 4 маман келгенін атап өтті (3 жалпы тәжірибе дәрігері, 1 анестезиолог-реаниматолог дәрігері). Ауруханаға жаңа аппарат-холтер сатып алыныпты. Аудан тұрғындарына ыңғайлы болу үшін емханаға кіре берісте тартан жабыны төселген. Сондай-ақ, медициналық көмек көрсету бойынша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау үшін аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарының телефоны емхана стендтеріне ілінді.

НЕСИЕ АЛУДАН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БАС ТARTU ТУРАЛЫ ӨТІНІШТІ EGOV МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ЖӘНЕ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА БЕРУГЕ БОЛАДЫ



Енді әр қазақстандық несие мен шағын несие алуға өз атынан ерікті түрде тыйым сала алады. Оны eGov mobile мобильді қосымшасындағы және eGov.kz электронды үкімет порталының жаңа сервисін қолдану арқылы жасауға болады.

Сервистік өтінішті азаматтың өзі ғана толтыра алады. Несиелер мен шағын несиелерді алуға тыйым салу 6 айға белгіленеді және бұл мерзім аяқталғаннан кейін автоматты түрде тыйым алынып тасталады. Сондай-ақ бұл шектеулерді кез келген уақытта ерікті бас тарту қызметін көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш беру арқылы алып тастауға болады. «Бірінші кредиттік бюросымен бірлесіп біз несиелер алуға ерікті түрде тыйым салу қызметін іске қостық. Бұнда несиеден өз еркімен бас тартуға азаматтың өзі ғана жүгінеді және өз бетімен бас тарта алады. Осы арқылы біз еліміздің азаматтарына заңсыз несие алуға тырысатын көптеген алаяқтардан қорғауға көмектескіміз келеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Кошнякин.

Айта кеткен жөн, дәл осындай сервис Бірінші кредиттік бюросының (ББК) сайтында ақылы түрде қолжетімді. «Электрондық үкімет» порталында өтініш берген кезде ББК қызметіне жарамды өтініміңіз бар-жоғына тексеру жүргізіледі. Мысалы, егер бұрын ол жерде сұрау болмаған болса, онда тыйым салуды орнатуға өтініш беру керек. Сұраныс болса, оны тоқтау (қалауы бойынша) болса, оны тоқтау туралы өтініш беруге болады. Несие алудан ерікті бас тарту

қызметі eGov mobile мобильді қосымшасының басты бетіндегі «Танымал қызметтер» бөлімінде қолжетімді. Дәл осы қызметті eGov.kz порталының «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Экономика және қаржы» бөлімінен алуға болады.

Айта кетейік, бұл сервис жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуды жою құқығын біріктіруді көздейді және қарыз алушының несие тарихында несие алудан ерікті түрде бас тарту туралы мәліметтер болған жағдайда, банктер мен микроқаржы ұйымдарына жеке тұлғаға несие беруге тыйым салуды енгізуге әзірлеген заңнамалық актілерге түзетулер шеңберінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте мыналарды ескеру қажет:

- сервис үшінші тұлғалардың несие алу мүмкіндігін мүмкіндігінше шектейді, қаржы институттары азаматтың несие беруге тыйым салынғаны туралы хабардар етеді, бірақ несиенің берілуіне толық кепілдік бермейді;
 - жеке тұлғаның өтелмеген міндеттемелері/ белсенді қарызы бар қаржы институттары ол туралы ақпаратты сұраған кезде бұл жеке тұлғаның несиелерді өкдеу үшін оның деректеріне қол жеткізуді шектегені туралы қосымша ақпаратты алады;
 - несие беру туралы шешімді несие беруші дербес және өз қалауы бойынша қабылдайды;
 - сұралған несиелік өтінімдердің мәліметтерін пайдаланушы Бірінші несиелік бюросының www.1b.kz сайтындағы жеке кабинетінде көре алады.
- Аталмыш сервис ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің, Бірінші кредиттік бюро және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелерінің интеграциясы арқасында қолжетімді болды.

Динара МӘЖИТОВА.

«УАҚЫТША ОТАБАСЫ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 496 бұйрығына сәйкес 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап облыстың үш ауданында, соның ішінде Мағжан Жұмабаев ауданында «Уақытша отбасы» пилоттық жобасы немесе уақытша патронаж жұмыс істейді. Бұл жоба білім беру ұйымы жоқ немесе сынып-жыныстық жоқ, бір ауылда тұратын туыстығы бар, өз отбасына оқушыны және оқушыларды қабылдаған немесе қабылдағысы келетін тұлғаларға ақша бөлуге бағытталған.

Уақытша отбасының жобаға қатысуы үшін білім бөліміне келіп, денсаулығы, табысы, баспанасы туралы құжаттар ұсынуы керек. Әрі қарай оқу жылына үш бетті келісім шарт жасалады. Уақытша отбасына ақша бөлу ретінде, оқушының тамақтануына 7 АЕК (24150 теңге) және еңбекақы ретінде 60 мың теңге төленеді. Қосымша ақпарат алу үшін 2-81-66 телефонына жүгінуге болады.

Талғат ҚАРАБАЕВ
аудандық білім бөлімінің маманы.

БЕНЗИНДІ ТОЛЫҚ ҚҰЙМАУ НЕМЕСЕ ОНЫҢ САПАСЫЗ БОЛУЫ. НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Барлығы бұған кем дегенде бір рет болса да тал болды. Олар біреуге толтырмай құйма, біреуді ақшамен алдайды, сапасыз өнімді сатады және т.б.

Жанармай құю станциясында (ЖҚС) жанармайды толық құймау - бұл жиі болып тұратын жағдай. Әрине, тауарды сатуға жауапты жанармай құю станциясының қызметкерлері жанармай тарту бағаны толық кетпеу үшін орнатады деп айту дұрыс емес. Өйткені, мұның бәрі жанармай тарту бағанының (ЖТБ) өзінде болуы мүмкін. Жанармай құю станцияларында қолданылатын отын тарту колонкалары шығарылатын отынды өлшеу құралы ғана, басқа ештеңе емес. Белгіленген талаптарға сәйкес пайдалану кезінде жанармай тарту бағаналары міндетті түрде тексерілуіне жатады. Егер жіберілген отынның қателігі рұқсат етілген шектен асып кетсе және бұл 10 литрден 50 мл, 20 литрден 100 мл болса, ЖТБ пайдалануға тыйым салынады. Жанармай тарту бағанасы басқа өлшеу құралымен - өлшеуішпен тексеріледі. Өлшеуішке жанармай құйып, ЖТБ берілген литр санын қалай дәл құйып жатқанын көруге болады. Өлшеуіш бойынша сіз "+" немесе "-" бағанының қанша құйылғанын көре аласыз. Сондықтан, егер сіз таблодағы баған көрсеткен литрлердің саны және резервуарға түскен мөлшер сізге сәйкес келмейді деп ойласаныз, сіз жанармай құю станциясында болуы керек ЖТБ-ны тексеру туралы сертификаттарды сұрай аласыз, сонымен қатар жанармай құю станциясында ЖТБ-ны өлшеуді талап ете аласыз. Бірақ бұл процедура біраз уақыт алуы мүмкін (көбіне оператор-кассир жанармай құю станциясының ғимаратынан кете алмайды). Бірақ егер сіз бұл мәселеден түбегейлі бас тартсаңыз, онда сіз мемлекеттік органға жүгінуге құқығыңыз бар, өйткені кез келген тұтынушы мұндай жағдайда шағымдануға құқылы.

Егер жанармай құюдан кейін сіздің машинаңыз нашар жұмыс істей бастады деп ойласаныз (қозғалтқыштың сенімсізді іске қосылуы, жанармай жарқылғысы стартердің ұзақ жұмыс істеуі, тұрақсыз бос жүріс, өзгермелі айналымдар, қозғалтқыштың үштен бір бөлігі және дірілі,

бақылау тақтасында жанған "тексеру" қуаттың төмендеуі). Тұтынушының талабы бойынша Сатушы жанармайдың сапасы туралы құжаттың (паспортының) көшірмесін көрсетуге міндетті. Жанармай құю станциясында тоқтаңыз, жанармай үшін тиісті құжаттарды көрсетуді талап етіңіз. Егер сіздің талаптарыңызға ЖҚС тарапынан еш ескерілмесе, Техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органға шағым жазыңыз. Онда сенімді негіздер мен растайтын дәлелдер келтіріңіз (чектер, фото/бейне материалдар және т.б.).

Бедомство қызметкерлері аталған ЖҚС-ты тексереді және тексеру нәтижелері туралы сізге хабарлайды. Алайда, бұл процедуралардың барлығы сатып алушыдан - жөбіренушіден - белгілі бір шығындарды және одан да жаманы, жоғалған уақытты талап етеді. Жосықсыз сатушылар дәл осыны күтеді - жалпы маңызды емес соманы жоғалтқаны туралы дәлелдермен айналысқысы келетіндер аз (егер ол толық құймаған болса), ал азаматтар, көбінесе, жанармай құю станцияларындағы алдау туралы шағымдарды елемейді. Сонымен қатар, көп жағдайда, адамдар ешқандай шағымсыз жанармайды толық құймауды немесе сапасыз жанармай құюды жалғастыра береді.

Әрине, әрдайым жанармай құю түбіртегін сақтау керек. Бұл дәл осы жанармай құю станциясында жанармай құюдың дәлелі болады.

Сондай-ақ, сапасыз мотор майлары немесе салқындатқыш сұйықтықтар бойынша да Департаментке хабарласуға болады.

Барлық сұрақтар бойынша, соның ішінде өтініш беру үшін "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитетінің департаменті" РММ, Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56 үй, тел.: 52-75-31, e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru немесе e-otinish порталы арқылы жүгінуге болады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитетінің департаменті.

МАМАН КЕҢЕСІ

«ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ»

сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға құқығы бар:

- 1) ерлер - 50 жасқа толғанда;
 - 2) әйелдер - 45 жасқа толғанда.
- 5 және одан да көп бала туып (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғаннан кейін жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқығы бар.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде ескеріледі. Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе ондағы тиісті жазбалар болмаған кезде жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не сот шешімі негізінде белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемде есептеу орташа айлық табыстың 60 пайызы есебінен жүргізіледі.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан кез келген үш жыл қатарынан орташа айлық табысқа негізделіп отырып жүзеге асырылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері азаматтардың мынадай санаттарына жасына толғаннан кейін толық көлемде тағайындалады:

- 1) ерлер - 1998 жылғы 1 қаңтарға келінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;
- 2) әйелдерге - 1998 жылғы 1 қаңтарға келінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде беріледі.

Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің есептелген мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін зейнетақының ең төменгі мөлшерінен толық көлемде төмен болса, жасына байланысты зейнетақы

төлемдері зейнетақының ең төменгі мөлшерінде тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша келінде алты ай еңбек өтілінің болуына байланысты толық көлемде жасына байланысты зейнетақы төлемін алуға құқығы болмаған кезде азаматтардың санаттарына толық емес көлемде тағайындалады.

Толық емес көлемде жасына байланысты зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек өтіліне барабар жасына қарай толық көлемде зейнетақы төлемінің үлесі ретінде есептеледі.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 55 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Жұмыстың 3 жылы үшін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс қатарынан 36 күнтізбелік айдағы табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу жолымен айқындалады.

Өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылуы айлары табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде алынып тасталады және олардың алдындағы немесе соңынан ерген басқа айлармен ауыстырылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалар тәуелітін еңбек шарттары бойынша жұмыс;
- 2) ескери қызмет;
- 3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдшерлік қызмет;
- 4) Мемлекеттік қызмет;
- 5) Кәсіпкерлік және табыс әкелетін өзге де қызмет;

6) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасы бойынша сырттан көмекке мұқтаж зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарттарға күтім жасау уақыты;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы күту уақыты;

8) жұмыс істемейтін ананың көмекетке толмаған балаларға күтім жасау уақыты, бірақ әрбір бала жалпы алғанда 12 жас шегінде 3 жасқа толғанға дейін;

9) жоғары оқу орындарында, оның ішінде дайындық курстарында, арнаулы орта оқу орындарында, училищелерде, мектептерде және қадірлар даярлау, біліктілігін арттыру және қайта біліктілігін арттыру курстарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде рухани (діни) білім беру ұйымдарында оқыту;

10) Қазақстан Республикасының бұрынғы кеңестік мекемелері, мекемелері және халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің жұбайының (зайыбының) шетелде тұру кезеңі, бірақ жалпы алғанда 10 жылдан аспайды;

11) ескери қызметшілердің жұбайларының (мерзімді қызметтегі ескери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен бірге мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған, бірақ жалпы алғанда 10 жылдан аспайтын жерлерде тұру кезеңі;

12) тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген этникалық қазақтардың шыққан елінегі еңбек қызметі.

Посткеңестік кезеңде әзірленген еңбек өтілі 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарына кепілдік беру туралы келісіммен реттеледі.

Бібігүл ҚОЖАҒҰЛОВА,
зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың зейнетақымен қамсыздандыруға:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;
- 2) жасына байланысты зейнетақы төлемдері;
- 3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері;
- 4) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері;
- 5) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері;
- 6) зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері - еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша келінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға ақша төлемдері.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші негіз болып табылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Өтініш пен қажетті құжаттар тіркелген күн жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі.

Зейнет жасы бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау 63 жасқа толғаннан кейін жүргізіледі.

Әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда.

1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде төтенше және ең жоғары радиациялық тәуекел аймақтарында келінде 5 жыл тұрған азаматтардың "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық



«ТІЛ КЕРУЕНІ - 2023»

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті. Ал тіл саясаты - мемлекетіміздің маңызды мәселелерінің бірі, сондықтан үкімет тарапынан түрлі жобалар іске асырылып келеді. Мәселен, 12 қыркүйек күні аудандық Мәдениет үйінде «Тіл керуені – 2023» жобасы аясында облыстық спикерлермен кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараны Сәуле Еркінқызы ашып, ауданда тіл саясаты бойынша жүргізіліп жатқан шараларға тоқталып өтті. Жиын барысында Ернияз Сұлтан «Ұлттық ономастика — ел айнасы» тақырыбында сөз

сөйлесе, Орал Жанатов «Өзге ұлт өкіліне қазақ тілін меңгертудің жөніл әдісі» бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар, Жанат Мұхамеджанов «Мемлекеттік тіл елді біріктіруші фактор» атты тақырыпты

өрбітсе, Әнуар Тоқпан «Көрнекі ақпарат — ел келбеті» мәселесін тілге тиек етті.

Кездесуге қатысушылар әртүрлі сұрақтар қойып, спикерлер елді мекен, көше атауларын өзгерген кезде ешқандай қаражат жұмсалмайтынын айтып, барлығы халыққа қызмет көрсету орталығында автоматтандырылған өкенін жеткізді. Шара соңында жобаға қатысушылар естелік суретке түсіп, мұндай кездесудің маңыздылығын атап өтті.

«Тіл керуені - 2023» жобасын іске асыру бойынша кездесулер облыстың басқа да аудандарында жалғасатын болады.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ
аудандық филиалының төрағасы.

МЕРЕКЕ МЗЕТІ

«ОТБАСЫ - ҮЙДІҢ ЖҮРЕГІ»



Отбасы күніне арналған іс-шарада Әубәкіров-Сәрсенбаев, Червонюк-Выходцевых, Бекішев сияқты үлгілі де өнегелі жанұяларға құрмет көрсетіліп, сыйлы қонақтар ізгі тілектерін арнады.

- Отан – ортақ үйіміз. Қазақстан – қара шаңырағымыз. Сол қара шаңыраққа қараған сайын көңілде дақ тұрмайды – шапағат тұрады, жүрек түбіне шер түнбайды – махаббат тұнады. Неге? Себебі сол алып қара шаңырақтың өзі отбасы деп аталатын шағын-шағын шаңырақтардан құралады. Онсыз ортақ үй де, ортақ Отан да болмақ емес. Отанды ұлықтадық екен, Отбасы күнін де ұмытпайық ендіше. Мерейімізді мерекелі күндер асырады, шартарапқа шұғыла болып шашылады, - деді кезек-кезек сөз алған меймандар өз тілдерінде.

Шынында да, отбасы — мемлекеттің іргетасы. Отбасы – адам баласының есіп-енер, қанат жайып түлеп ұшатын алтын ұясы. Адамзат өміріндегі мейрімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік сөкілді асыл қасиеттерді бойына жинайтын жандар, оны ұрпақ санасында қалыптастыратын ардақты әкелер мен аяулы аналар.

Кітапханашылар алдымен Әубәкіровтердің отбасына тоқталды. Отағасы Шайсұлтан Сәлімұлы мал дегіргері болып көп жыл қызмет атқарған, ал отанасы Ұлтар Сәкенқызы бастауыш сынып мұғалімі, екеуі де қазір құрмет демалысында. Шаңырақта 5 қыз тәрбиелен

өсіріп, жоғары білім берген ата-аналар бүгін бәрін қияға қондырып, 11 жиен сүйіп отырған жайы бар.

Қызы Айсулу Шайсұлтанқызы жоғары білімді медицина маманы, 2004 жылдан бері аудандық аурухананың хирургия, жансақтау бөлімшелерінде еңбек етіп, қазір аудандық емхананың бас мейірбикесі лауазымын атқарады. Жұбайы Сансызбай Сәрсенбаев 2007 жылдан бастап аудандық аурухана бас дәрігерінің әкімшілік-шаруашылық бөлігі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істейді. Сансызбай Өсербайұлының жоғары құқықтану білімі бар. Бұл отбасында Дамир мен Аделина есімді ұл-қыз есіп келеді. Үлкені қазір Қарағанды медициналық академиясының 3 курс студенті болса, кенжесі Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы.

Келесі отбасы ол - Червонюктер жанұясы. Виктор Михайлович пен Алла Николаевна қазіргі уақытта құрмет зейнет демалысына шығып, бала-шағасының қызығын қызықтап отыр. Бөйтерек ауылында тұратын кейіпкерлеріміздің бірі электрші мамандығын игеріп, көп жыл адал қызмет атқарса, екіншісі - өмірін білім беру саласына арнаған ұлағатты ұстаз. Өнегелі отбасы екі бала тәрбиелеп өсірген.

Қызы Ольга Викторовна Бөйтерек ауылдық кітапханасында кітапханашасы болып жұмыс жасайды. Күйеуі - Иван Выходцев жеке кәсіпкерлікпен айналысады, жанұяда екі қыздары бар. Үлкені - Анаста-

8 қыркүйек күні аудандық орталық кітапхананың оқу залында «Отбасы - үйдің жүрегі» атты танысу сағаты ұйымдастырылып, оған аудандық ардагерлер кеңесінің өкілдері Сергей Заев, Надежда Ковальникова, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жумағұлов, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі бас маманы Мейрамғұл Әбішев, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Елена Умюист қатысты.



сия Омбы қаласындағы политехникалық университетінде «мұнай-газ және мұнай химия өнімдерінің инженері» мамандығында оқып жатса, кішісі - Софья Фурманов орта мектебінің 8 сыныбында білім алады.

Қошмет көрсетілген үшінші отбасы - Бекішевтер әулеті. Отағасы Медет Қайырлыұлы Батыр Баян атындағы мектеп гимназиясында қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі, ал отанасы Алма Төлеуқызы қазір бала күтімі бойынша демалыста, үйдің еркесі Асанәліні тәрбиелеуде.

Жүргізушілер отбасы мүшелерін таныстырғаннан кейін, қатысушылардың әрқайсысы отбасылық хобби, дәстүр, отбасының сүйікті іс-әрекеттері туралы еңгімелер берді. Сөйтіп, үлгілі жанұялар жақсы отбасылық дәстүрлерді нығайту және сақтау тәжірибелерімен бөлісіп, отбасы институтын сақтаудың маңыздылығы туралы айтты. Отбасы мүшелері «Сізотбасындаазаратүсіністікке, үйлесімділікке қалай қол жеткіздіңіз?», «Ата-ананың немесе ата-әжелеріңіз Сізге қандай отбасылық дәстүрлерді сіңірді?», «Сіздің ойыңызша, сіз ата-ананыңдан

үйренген барлық нәрселердің ішіндегі ең құндысы не болды?» және тағы басқа сұрақтарға жауап беріп, өркім өз пікірін білдірді.

Ұйымдастырушылар жиналғандар арасында «Ойлан, тап» интеллектуалды ойынын өткізді. Орталық кітапхана қызметкері Салтанат Теренова «Бәрің сүйем» әнін орындап, жақынына деген махаббатын жыраға қосты. Мереке күні әр отбасы ән-шашуын ала келіп, ортада өнер көрсетті. Мәселен, Аделина Сәрсенбаеваның орындауында өзбек биі, Софья Выходцева мен Анастасия Биро «Мені көшіріңіз, менің махаббатым», «Жақсылық періштелері» әндерін орындады.

Іс-шара соңында биыл тойланып жатқан ақын ақын Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдық мерейтойы аясында барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді, ал өнегелі отбасылар белсенді қатысқаны және шығармашылық шабыты үшін дипломдармен марапатталды. «Отбасы - үйдің жүрегі» атты танысу сағаты «Отбасы және кітап» атты кітап көрмесімен аяқталды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



БАЛАҒА ТӘРБИЕНІ ӨЗІНІҢ ШАМАСЫНА, ЖАРАТЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ БЕРУ КЕРЕК

- Әуелі, тәрбие дегеннің өзі не? Оның барлығына ортақ мағынасы бар ма?

- Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

Дұрысын айтқанда адамға шын мағынасымен «адам» деген атты осы жан ғана беретіндіктен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе, жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек.

Тәрбиенен мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсұт «адам» деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.

- Ата-ана баланы қанша жақсы тәрбиелесісі келсе де, кейде бір жағы артық болса, бір жағы кем болып жатады. Бұл неден болады?

- Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие теріс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық, сықылды турмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс

тәрбиесі ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиесінің ішінде ұнамсыз, зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі - біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиесі қанша қадірлі, керек жол болғандықтан, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді.

Жоғарыда айтқаннан көрінеді, балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін, тәрбиесінің өз тәжірибесі, һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы жетпейді екен. Бұлар - біртөктей шикі тәжірибелер. Бұлар сынан өткізіліп, пісірілген күйде берік негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын тізіп ала білу үшін тәрбие майданында шабылты ұсылған тартандардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманға шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы тәрбие туралы дұрыс жолға түсіретін шын тәрбие дәнемен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек.

- Сөзіңіздің басында тәрбие төрт түрлі болады дейдің. Сол төрт тәрбиенің қайсысы қиын, қайсысына көп күш салу керек?

- Бастапқы кезде жөпшенді білімбейтін баланың жан турмысы бала ескен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып беру керек. Қатар алып беру емес, бала ескен сайын тәрбиесі күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік үгу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол - жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол - жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жаның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек.

- Ал жанды жақсы тәрбиелеу үшін не істеу керек?

- Жан турмысының, жан көріністерінің түзу, сау болуы үшін нерв системасының сау болуы шарт. Невр системасының ағасы, биі - ми. Ми - жанның құралы. Жан ми арқылы сыртқы дүниеде һәм өз денесінде не болып жатқанын біледі. Миді жұмсап, жан денені қозғайды. Егер ми азыл болса, яғни зиянданса, адамның жан турмысы дұрыс болмайды. Мидың белгілі бір жері зиянданса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни «парализ» болады. Мұны біздің қазақ «пері соққан» дейді. Яғни тілі, кеңіреді аса болып тұрса да, сөйлей алмай тіпсіз болып қалады. Яғни афазия ауруы пайда болады.

Жоғарыда айтқаннан нерв системасының қандай нәзік һәм қандай қымбат екендігі ашық

көрініп тұр. Олай болса, жалпы нерв системасын, әсіресе миды сау қылып ұстап, оған зиян келтірмеске керек... Мысалы, балаға миға зақым келтіретін ойын ойнауға жарамайды. Жане баланы басқа ұру жарамайды.

Балаға насыбай атқызуға, шылмын тартқызуға жарамайды. Біздің қазақтың кейбір ата мінгендерінің жап-жас баласына шылмын тартқызып, «қарағымның аузынан түгінді пәлен төреді шығаруын қарашы» деп қарқ-қарқ күліп маз болатындары бар. Мұның надандық, есерлік екендігінде не сөз бар? Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрсені ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі тұр.

Невр системасының сау болуы керек болған сықылды, оның дұрыс өсуі һәм берік болуы да керек. Бар дененің жақсы өсуінің шарты денені тек жатықбай жұмыс қылдыру болса, нерв системасының жақсы өсуінің һәм берік болуының да шарты сол. Невр системасына әсіресе миға істететін жұмыс сол мидың өсу дәуірілеріне тура келетін болса. Есте болсын, адамның бар денесі бастапқы кезде өсулі ғана біледі. Біраздан қозғалымпаз һәм сезімпаз болады. Ұлға келе ғана адамда есті турмыс басталады.

Сондықтан балаға бастапқы кезде оның сыртқы сезімдерін ұлғайтатын һәм дене мүшелеріне көп қозғалтатын жұмыстар істету керек. Сурет салдыру, жабыстыру (балшықтан түрлі заттар жасау), қол еңбегі һәм гимнастика сықылды. Мұнан соң бала ұлға, өсе келе оның істейтін жұмыстары да тереңдей беру керек. Қысқасы, нерв системасының тәрбиесі дененің өсуіне қабысып отыруға тиісті. Белгілі жолдармен басқышап тәрбие қылынған ми сау, өткір һәм талмайтын берік болады. Миын іскер қылып үйренген адам қартайып, бар денесі қаусап іске жарамай отырған күнде де сау мылы, дұрыс ойлы болады. Ал енді қысында қылқың болсаң, өскенде мылқың боларсың» деген мақал ұй-ырас.

- Төрт тәрбие түгел болуы үшін балаға не керек?

- Жан турмысы өркендеуі үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлық түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі - тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тындайды. Ертекке шын көңілімен наанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айта деген құрғақ сөзді желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші

туралы ертеке айтсаң, сол ертекте өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады. Қысқасы, балаға ертегі - тым қымбат нәрсе. Бірақ ертегінің ертегісі бар. Кейбір ертеректер баланы бұзудан басқаға жарамайды. Мысалы, дию, пері, жайлауыз кемпір, аруақ, көрден кетінін жалпап шығатын обыр, жын-шайтан секілді ертегілерді балаға айту тіпті дұрыс емес. Мұндай ертегілер баланы бұзады, қорқақ, жасық қылады. Қазақтың баланы «бөкі келеді», «қызыл көз келеді» деп қорқытулары да тым-ақ жарамайтын іс.

Бала ойыны. Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын - балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойынағанда бала әсерлерімен пайдаланады. Айналасындағы турмыста нәні көрсө, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды. Балшықтан мал жасайды, қуыршақтан қыз жасап, таныстырады, құйеу келтіреді, құда түсіреді.

- Тәрбиеге айтар қандай сөзіңіз бар?

- Ұзын сөздің қысқасы, бала көпшілігі адам болғандықтан, баланың жаратылысында көп басқалық бар. Мұхаммед пайғамбар: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай әрбір - депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала - жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіл тастасаң, есейгенде сол иілген күйде қатып қалмақ. Теріс иілген шыбықтың артынан түзеймін десен, сындырып аласың. «Баланы - бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген - баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яғни отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу - турмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса - өзін, асса - барлық адам баласын

адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Турмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, турмыстың тұңғыш теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын терт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиесі бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шармамай үйрете білу керек.

Айтолған ЖҮНІСХАН.

МУЗЕЙГЕ «ЕСКІ ОМБЫ» ТУЫНДЫСЫ СЫҒА ТАРТЫЛДЫ

Биыл қазақтың біртуар азаматы Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдық мерейтойы дүркіреп тойланып, алыс-жақын елдерден ақынның жалынды жырларын бағалайтын атақты тулғалар Сарытоғар ауылына ағылды. Ақын-жазушылар, айтыскерлер мен өнершілермен суретшілер сияқты өнер майталмандары Алаш қайраткерінің мерейтойы өткен жерге ат басын тіреді. Солардың ішінде көршілес Омбы қаласынан жоғары оқу орындарында Шоқан Уәлихановтың және Мағжан Жұмабаевтың атындағы стипендиалар тағайындаған, қазақ тілі мен салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген абыройлы азамат Махмұд Көптуров пен 400-ге тарта туынды салған қылқалам шебері, Омбы қалалық облыстық, аймақтық, шетелдік, халықаралық көрмелердің лауреаты, белсенді қатысушысы Гейман Баймұқанов та болды.

Бес мыңнан аса адам қатысқан шоқтығы биік шарада Омбы қазақтары облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағамбетовқа «Ескі Омбы» картинасын сыйға тартты. Мағжан Жұмабаевтың 1913 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына оқуға түскені, содан кейінгі жылдарда Мағжан «Бірлік» қоғамын құруға белсенді қатысқаны, оның «Балапан» атты қолжазба журналы редакциялағаны тарихтан белгілі. Демек, Мағжанның Омбы қаласында білім алып, еңбек еткенін білген атақты суретші Гейман Сұлтанұлы қаланың ең көне де басты көшелерінің бірін картондағы кенепке маймен салып, ақынның өмірімен тығыз байланыстырып отыр.

Тісінінше, ол туынды енді Мағжан Жұмабаев аудандық тарихи-өлкетану мұражайында орын тапты. Осыған орай, музей іс-шара ұйымдастырып, картинаны жұртшылықтың тамашалауына ұсынды. Тұсақесерге ішкі саясат, мәдениет және



тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, ұлттық нақыштағы көлөнерші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, кәсіби суретші Айдарбек Қалдыров, Семей педагогикалық институтының түлегі, монументалды кескіндеме шебері, кәсіби суретші Валерий Форш, музей және аудандық орталық кітапхана қызметкерлері қатысты.

Таныстырылымды ашқан музей директоры Серік Жұмағұлов бағалы сыйлықтың аудандық тарихи-өлкетану мұражайының қақ төрінде орын алуы - мақтанарлық оқиға екенін жеткізді.

- Бұл туындыда Омбы қаласының көне көшелерінің бірі - Любинский даңғылы су-

реттелген. Картинадан көріп тұрғандай, бұл көше өте жанды, адамдар көп жүреді және бірқатар үлкен ғимараттар орналасқан. Қазіргі өзінде Омбыда халықтың ең сүйікті жері ең көп жүретін көшелердің бірі. Мереке күндері дәл осы көшеде түрлі концерттер мен басқадас-шаралар ұйымдастырылады. Енді картина авторына келетін болсақ, Гейман Баймұқанов Омбы облысы Тоғынас ауылында 1961 жылы 1 қарашада дүниеге келген. 1997 жылдан бастап Суретшілер одағының мүшесі. А.М. Горький атындағы Омбы мемлекеттік педагогикалық институтының өнер-графикалық факультетін бітірген. 1994 жылдан бері Омбыдағы өнер институтында кескіндеме кафедрасында сабақ береді.

Профессор, Қазақстан Республикасы Өнер академиясының академигі деген атағы бар.

Оның 400 тарта еңбегі бар және олар Ресейдің өнер мұражайларында ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан, Германия, Канада, АҚШ, Қытай, Индонезия, Израиль, Латвия, Испания, Франция, Англия елдерінде қойылған. Көптеген елдердің Алғыс хаттарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Талай рет әртүрлі байқаулардың жеңімпазы, стипендиаты және лауреаты атанған, - деді Серік Тұрауұлы.

Кезек-кезек сөз алған таныстырылымға қатысушылар бұл туындыны жоғары бағалап, аудан үшін зор оқиға екенін тілге тиек етті.

- Омбы қазақтарымен тығыз қарым-қатынас орнату аса маңызды. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды өлі жалғастырмауымыз. Өйткені екі елдің арасындағы байланыс үнемі даму үстінде. Әсіресе, мәдени-тарихи қатынасты нығайту - басты мақсатымыз. Махмұд Көптуров пен Гейман Баймұқанов сияқты сегіз қырлы, бір сырлы, жан-жақты тулғалардың бізге берері көп деп ойлаймын. Бүгін мен осы азаматтарға аудан жұртшылығының атынан шынайы алғысымды айта отыра, музейге Мағжанның мерейтойына арнайы жасалған естелік кәдесыйларды тапсырып келіп отыр, - деді Сәуле Еркінқызы.

Тұсақесер соңында Серік Жұмағұлов алдағы уақытта Омбы қаласына сапарға шығу, ауданда қатысты тың деректер жинау, музей жанында суреттер галереясын ашу сияқты жоспарымен бөлісті. Өз кезегінде аудандағы кәсіби суретшілер Айдарбек Қалдыров пен Валерий Форш жаңадан ашылған галереяға өздерінің жеке туындыларын сыйға тартуға уәде берді.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ
аудандық филиалының төрағасы.

ЖЕРЛЕС СУРЕТШІНІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ ОБЛЫСТЫҚ КӨРМЕДЕ

Қазақстан Суретшілер одағының облыстық филиалы тамыз айының соңында қорытынды көрме ұйымдастырып, елуден астам туынды ұсынды. Облыстық бейнелеу өнері музейінде Қазақстан Суретшілер одағының облыстық филиалының мүшесі, кәсіби суретші, жерлесіміз Айдарбек Қалдыровтың да оннан аса картинасы ілініп, өнер сүйер қауымның назарына ұсынылып отыр.

Жалпы бұл көрмеге он бір қайталанбас әдемілігімен саусағынан өнер тамған сегіз қылқалам шеберінің еңбектері қойылған. Өмірлерін өнердің осы саласымен байланыстырып, биік белестерді бағындырған шеберлер ақ қайыңдар өлкесінің табиғатын, жол-жануарларын, жыл мезгілін және тағы да баса Қалдыровтың туындыларын тақырыптарды бейнелеген. Әрқайсысы өз алдына ерекше бір қайталанбас әдемілігімен жүректерді жаулап алар еңбектер акварель, гуашь, май сияқты бояулармен салынған. Осыған орай, барша мағжандықтарды көрмені өз көзімен көріп, қылқалам шеберлерінің, соның ішінде жерлесіміз Айдарбек Қалдыровтың туындыларын тамашалауға шақырамыз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

БАЙҚАУ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ДАЛА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ



1. Жалпы ережелер

1. «AMANAT» партиясы «Ұлы дала» аймақтық шығармашылық байқауын (бұдан әрі – байқау) ақын, педагог, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай өткізеді.

2. Осы Ереже байқауды өткізу мақсаты мен міндеттерін және тәртібін айқындайды.

3. Байқаудың мақсаты – ұлттық және рухани құндылықтарды паш ететін бүгінгі отандық авторлардың шығармаларын қолдау және насихаттау.

4. Тақырыптық ұсыныстар:

- Өз шығармаларында қоғамды жаңғырту мен даму үдерістерін бейнелейтін, сондай-ақ қазақстандықтардың заманауи дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін талантты жазушыларды, ақындарды, драматургтерді, балалар жазушыларын анықтау және оларға қолдау көрсету;

- Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ойларды жаңғырту және ағартушылық еңбектері мен қайраткерлік ұстанымын өскелең ұрпаққа дөрілтеу;

- Мемлекет басшысы ұсынған «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» ұғымындағы идеялар мен құндылықтарды кеңінен ашу;

- Жастарды отанға қызмет етуге, тарихын қадірлеуге, адамгершілік қасиеттерін насихаттауға шақыру – қаламгерлердің еңбектерінде көрініс тауып, оның тарихи жетістіктерінің маңыздылығын жастарға енеге ету.

5. Байқаудың ұйымдастырушысы – «AMANAT» партиясы (бұдан әрі – ұйымдастырушы).

6. «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауын өткізуді үйлестіру жұмыстары республикалық және аймақтық ұйымдастыру комитеттеріне (одан әрі – аймақтық немесе республикалық ұйымдастыру комитеті) жүктеледі. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамы партия Атқарушы хатшысының бұйрығымен бекітіледі. Аймақтық ұйымдастыру комитетінің құрамы аймақтық партия филиалы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7. Республикалық ұйымдастыру комитеті:

- байқауды өткізу тәртібін анықтайды;

- байқауға қажетті құжаттарды дайындайды;

- байқаудың басталғандығы жөнінде республикалық БАҚ-қа хабарлама дайындайды;

- аймақтық ұйымдастыру комитеттерінен келіп түскен материалдарды ереже тәртібіне сай іріктеуден өткізіп байқау комиссиясына жолдайды;

8. Аймақтық ұйымдастыру комитеті:

- өңірлердегі байқауға қажетті құжаттарды дайындайды;

- байқаудың басталғандығы жөнінде өңірлік БАҚ-қа хабарлама дайындайды;

- байқауға қатысушы үміткерлерден материалдар жинақтайды;

- келіп түскен материалдарды республикалық ұйымдастыру комитетіне жолдайды;

9. Ұйымдастыру комитеттерінің жалпы құқықтары:

- осы ереженің талаптары мен шарттарына сәйкес болмағаны үшін үміткерді байқауға қатыстырмау;

- байқаудың барлық қатысушылары үшін тең жағдай жасау;

- байқаудың нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеу;

- республикалық ұйымдастыру комитеті байқауға ұсынылған шығармалар арасында байқау шарттарына сәйкес келмейтін аймақтық ұйымдастыру комитеттерінен жолданған материалдарды қабылдамауға құқылы.

10. Байқауға келіп түскен жұмыстарды қарау және одан әрі жеңімпаздарды анықтау «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауын өткізу жөніндегі байқау комиссиясына (бұдан әрі – байқау комиссиясы) жүктеледі және байқау комиссиясы партияның Орталық аппаратында жүзеге асырылады.

11. Осы ереже байқауға қатысуға үміткер барлық мүдделі тұлғаларға танысу үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, партияның ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі партияның ресми аккаунттарында жариялау арқылы ұсынылады.

2. Байқауды өткізу тәртібі

12. Байқау бес номинация бойынша өткізіледі:

«Проза» номинациясы

Бірінші орын (1 жүлде) – 1 000 000 теңге;
Екінші орын (1 жүлде) – 750 000 теңге;
Үшінші орын (1 жүлде) – 500 000 теңге;

«Поэзия» номинациясы

Бірінші орын (1 жүлде) – 1 000 000 теңге;
Екінші орын (1 жүлде) – 750 000 теңге;
Үшінші орын (1 жүлде) – 500 000 теңге;

«Драматургия» номинациясы

Бірінші орын (1 жүлде) – 1 000 000 теңге;
Екінші орын (1 жүлде) – 750 000 теңге;
Үшінші орын (1 жүлде) – 500 000 теңге;

«Әдеби сын» номинациясы

Бірінші орын (1 жүлде) – 1 000 000 теңге;
Екінші орын (1 жүлде) – 750 000 теңге;
Үшінші орын (1 жүлде) – 500 000 теңге;

«Балаларға арналған шығарма» номинациясы

Бірінші орын (1 жүлде) – 1 000 000 теңге;
Екінші орын (1 жүлде) – 750 000 теңге;
Үшінші орын (1 жүлде) – 500 000 теңге;

«Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы» арнайы жүлдесі – 1 000 000 теңге.

«Алаш аманаты» арнайы жүлдесі – 1 000 000 теңге.

13. Байқаудың басталуы туралы хабарландыру партияның ресми сайтында және республикалық, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

14. Байқауға шығармаларды қабылдау 2023 жылғы 11 қыркүйек пен 10 қараша аралығында жүзеге асырылады.

15. Аймақтық ұйымдастыру комитетінен іріктеліп, республикалық ұйымдастыру комитетіне келіп түскен шығармалар айқп. kz сайтында «Ұлы дала» айдары аясында жарияланады.

16. Байқауға келіп түскен жұмыстарды байқау комиссиясы 2023 жылғы 13-20 қараша аралығында қарайды. Жұмыс қорытындысы бойынша байқау комиссиясы бірлескен шешім арқылы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі

күні қарсаңында Астана қаласында өтеді.

3. Байқау жұмыстарын ұсыну тәртібі

4. Байқауға 20-дан 45 жасқа дейінгі автор/авторлар қатысуға құқылы.

5. Бір автор/авторлар тобы тек бір номинацияға қатыса алады.

6. Байқауға қатысу үшін жіберілетін жұмыстар қазақ тілінде жазылады.

7. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың тақырыбына шектеу қойылмайды.

8. Байқауда авторлардың бұрын жарияланған шығармалары қарастырылмайды.

9. Әр номинация бойынша өлеңдер циклін қабылдауға мүмкіндік беретін «Поэзия» номинациясын қоспағанда бір шығарма қабылданады.

10. Байқауға әдепсіз сөздерді қамтитын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың этикалық нормалары мен авторлық құқықтарын бұзатын туындылар жіберілмейді.

11. Автор/авторлар байқауға қатысу үшін жұмысты жібере отырып:

- осы жұмысқа авторлық құқықтың бар екендігіне көпідік береді;

- ұйымдастырушының туындыларды (толық және/немесе ішінара) бұқаралық ақпарат құралдарында, жинақтарда, фалаттарда, әлеуметтік желіде жариялауына рұқсат береді;

- ұйымдастырушыға қойылатын қаржылық талаптарды қоядан бас тартады.

12. Байқауға қабылданған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

13. Байқауға қатысу үшін «Проза» номинациясына 25 беттен аспайтын, «Поэзия» номинациясына мәтін көлемі 5 беттен аспайтын, «Драматургия» номинациясына 25 беттен аспайтын, «Әдеби сын» номинациясына шектелмеген, «Балаларға арналған шығарма» номинациясына 10 беттен аспайтын шығармалар жіберіледі.

14. Байқау жұмыстары А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта теріліуі керек.

15. Байқауға жіберілетін материалдар:

1) Шығармаларды бүркеншік атпен партияның әр аймақтық филиалдары жанындағы байқауды ұйымдастыру комитетінің арнайы электрондық мекенжайына жолдау қажет; мысалы,

ulydala-abai@amanatpartiasy.kz (Абай облысы);

ulydala-aqmola@amanatpartiasy.kz (Ақмола облысы);

ulydala-aqtobe@amanatpartiasy.kz (Ақтөбе облысы);

ulydala-attyrau@amanatpartiasy.kz (Атырау облысы);

ulydala-almatyobi@amanatpartiasy.kz (Алматы облысы);

ulydala-bqo@amanatpartiasy.kz (Батыс Қазақстан облысы);

ulydala-zhambyl@amanatpartiasy.kz (Жамбыл облысы);

ulydala-zhetysai@amanatpartiasy.kz (Жетісу облысы);

ulydala-qaragandy@amanatpartiasy.kz (Қарағанды облысы);

ulydala-qostanai@amanatpartiasy.kz (Қостанай облысы);

ulydala-qyzylorda@amanatpartiasy.kz (Қызылорда облысы);

ulydala-mangystau@amanatpartiasy.kz (Маңғыстау облысы);

ulydala-shqo@amanatpartiasy.kz (Шығыс Қазақстан облысы);

ulydala-pavlodar@amanatpartiasy.kz (Павлодар облысы);

ulydala-sqo@amanatpartiasy.kz (Солтүстік Қазақстан облысы);

ulydala-turkistan@amanatpartiasy.kz (Түркістан облысы);

ulydala-ulytau@amanatpartiasy.kz (Ұлытау облысы);



облысы);

ulydala-astana@amanatpartiasy.kz (Астана қаласы);

ulydala-almaty@amanatpartiasy.kz (Алматы қаласы);

ulydala-shymkent@amanatpartiasy.kz (Шымкент қаласы);

2) Байқауға ұсынылатын шығармалардың электрондық нұсқасы бөлек файлмен (автордың дерекінсіз) жіберіледі;

3) Шығарма бірінші бетінің оң жағына автордың бүркеншік есімі ғана жазылады. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және шығарманың номинациясы көрсетілуі тиіс. Мысалы: altynsaqa_proza;

4) Автор туралы мәлімет, байланыс деректері (Т.А.Ә., тұратын мекенжайы, телефон нөмірі, электронды пошта, мекен-жайы, фотосурет, автор туралы қысқаша ақпарат) бөлек файлмен қоса жолданады. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және автордың аты-жөні көрсетілуі тиіс. Мысалы: altynsaqa_Azamat Azamatov деп сақтауы тиіс.

5) Шығармалар 2023 жылғы 11 қыркүйек күні сағат 18.00-ден 10 қараша күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

4. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

16. Жеңімпаздарды анықтау және сыйлықтарды беру байқау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады.

17. Байқау комиссиясының құрамына партия Орталық аппаратының және Қазақстан Жазушылар одағының өкілдері, мүшелері, ғалымдар, белгілі қаламгерлер, мәдениет қайраткерлері және басқа да тұлғалар кіреді.

18. Байқау комиссиясының құрамы партия Атқарушы хатшысының бұйрығымен бекітіледі.

19. Байқау комиссиясы бірінші отырыста дауыс беру парағын бекітеді.

20. Байқауға қатысу үшін келіп түскен жұмыстарды бағалау кезінде байқау комиссиясы мынадай критерийлерді басшылыққа алады: байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, байқауға ұсынылған жұмыстың өзектілігі, авторлық тұжырымдама дербестігі, материалдардың объективтілігі, жаңашылдығы, дәйектілігі, стилі, мазмұндау тілі, идеяның бірегейлігі, әдеби-көркем құндылығы, эстетикалық әсер ету тереңдігі.

21. Байқау комиссиясының байқау талаптарына сәйкес келмейтін байқау жұмыстарын қарамауға құқығы бар.

22. Байқау комиссиясының қорытынды отырысы, егер оған байқау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының 3/2 қатысса, заңды болады.

23. Байқау комиссиясының шешімі отырысқа қатысып отырған байқау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

24. Байқау комиссиясының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.



Дүйсенбі, 18 қыркүйек	Сейсенбі, 19 қыркүйек	Сәрсенбі, 20 қыркүйек	Бейсенбі, 21 қыркүйек	Жұма, 22 қыркүйек	Сенбі, 23 қыркүйек	Жексенбі, 24 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 03.50 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 03.00 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АРТА. 15.10 АҚОРДА. 15.20 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 15.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 16.05 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМ». 17.15, 02.20 АЛТЫН КАҚПА. 20.35, 04.20 АШҢҰҚ АЛАҢ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 01.15 САНА. 05.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ДАРА. 15.30 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 15.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 16.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМ». 17.15, 04.35 АЛТЫН КАҚПА. 20.35 АШҢҰҚ АЛАҢ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.30 САНА. 05.15 ШАҢЫРАҚ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.15 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 15.20, 05.15 Д/Ф. 16.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМ». 17.15, 04.35 АЛТЫН КАҚПА. 20.35 АШҢҰҚ АЛАҢ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.30 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.15, 05.10 БРЕГЕЙ. 16.05 АУЫЛДАСТАР. 16.40 ӨЗЕКТІ. 17.15, 04.30 АЛТЫН КАҚПА. 20.35 АШҢҰҚ АЛАҢ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 КӨҢІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 00.00, 04.40 PARASAT MAIDANY. 05.25 ӨЗЕКТІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 02.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.25, 05.10 ДАЛА ДӨМІ. 15.45, 01.10 ГАУҺАРТАС. 17.15, 03.10 АЛТЫН КАҚПА. 20.35, 03.50 АШҢҰҚ АЛАҢ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 КӨҢІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 00.00, 04.40 PARASAT MAIDANY. 05.25 ӨЗЕКТІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 20.00, 02.10, 02.10 АҚПАРАТ. 07.05, 05.15 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.40 КӨҢІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 08.00, 04.50 ШАҢЫРАҚ. 08.20 М-Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 09.00, 03.45 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.10, 20.30 QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. 14.00 КОНЦЕРТ. 16.25 М-Ф. 17.40, 02.40 ДАЛА ДӨМІ. 20.20, 02.30 АҚОРДА. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 00.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 03.00 ЗИННАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30 АҚПАРАТ. 06.50 АҚОРДА. 07.00 Д/Ф. 07.50, 04.00 АУЫЛДАСТАР. 08.35, 03.20 АҚСАҰҰТ. 09.00, 17.35, 02.20, 03.40 ТАБЫС КІЛТІ. 09.20 М-Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. 14.00 М-Ф. 15.15 ТЕЛЕМАРАФОН. 20.00, 01.30 АРТА. 22.00 КӨҢІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 00.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 02.45 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 04.35 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 18 қыркүйек	Сейсенбі, 19 қыркүйек	Сәрсенбі, 20 қыркүйек	Бейсенбі, 21 қыркүйек	Жұма, 22 қыркүйек	Сенбі, 23 қыркүйек	Жексенбі, 24 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «СТАТУС БРЭД». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 МЕКТЕП. 10.30 «БЕЛОСНЕЖКА: МЕСТЬ ГНОМОВ». Х/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 ШКОЛА. 10.30 М/Ф. 11.50 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 В ФОКУСЕ. 10.15 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАЛИНЕ. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00 Т/С «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 МЕҒАХИТ. «АНГЕЛ МОЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 Д/Ф. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕҒАХИТ. «АНГЕЛ МОЙ». 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 14.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 14.30 МАҢДАЙ ТЕР. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.00 ЖҮРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «КОЕ-ЧТО НА ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ». 00.15 ХАБАР СПОРТ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 Д/Ф. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.00 ОЯНҒАН ӨЛКЕ. 10.00 «ШЕФ», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «КОЕ-ЧТО НА ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ». 00.15 ХАБАР СПОРТ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 18 қыркүйек	Сейсенбі, 19 қыркүйек	Сәрсенбі, 20 қыркүйек	Бейсенбі, 21 қыркүйек	Жұма, 22 қыркүйек	Сенбі, 23 қыркүйек	Жексенбі, 24 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 22.50 «БЕССМЕРТНЫЕ». Х/Ф. 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 02.15 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 22.10 Т/С «МЕДВЕЖЬЯ ХВАТКА».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 03.45 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «КОГДА ПРОШЛОЕ ВПЕРЕДИ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.15 DASTARXAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «ДОКТОР», Х/Ф. 21.40 «НАСЛЕДНИЦА ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 Т/С «НИКОГО НЕ СТАЛО». КИНОТЕАТР.	06.00, 03.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.00 «П@УТИНА». 08.25 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.40 ПОЕХАЛИ! 09.25 ҚАЙМАҚ. 10.00 «КОГДА ПРОШЛОЕ ВПЕРЕДИ», Х/Ф. 18.40 ӘҒУТАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «НАСЛЕДНИЦА ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Ұл тәрбиелей отырып, халықты
тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып,
ұлт тәрбиелейміз.
Күй атасы – Қорқыт.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.



АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ -
АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Әскери қызмет - Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекараларына қол сұғылмайшылығын Қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
АТЫНДАҒЫ АУДАНЫҢ
БҮЙ-МЕН ЖАСАҚТАЛАТЫН
ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНІҢ
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ АРНАЛҒАН
КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША САР-
БАЗДАР, СЕРЖАНТТАР
ЛАУАЗЫМДАРЫНА ТІЗБЕСІ.
23366 ә/б - Астана қ.,
46298 ә/б - Қарағанды қ., Қарағанды облысы
31775 ә/б - Қарағанды қ., Қарағанды облысы
35835 ә/б - Абай қ., Қарағанды облысы,
85510 ә/б - Ақтас ауылы, Қарағанды облысы
99260 ә/б - Қостанай қ., Қостанай облысы
44293 ә/б - Семей қ., Абай облысы
29219 ә/б - Алматы қ., Алматы облысы
Үміткерлерге қойылатын талаптар:
- Қазақстан Республикасының

азаматтығына ие болу;
- кем дегенде 19 жаста және 35 жасқа дейінгі жаста;
- әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуы тиіс;

- мерзімді әскери қызмет атқаруға не жоғары әскери оқу орнының әскери кафедрасында оқудан немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өтуге міндетті.

Келісімшарт бойынша әскери қызметтің артықшылықтары: ақшалай қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау ақысын төлеу кепілдігі, тегін медициналық қамтамасыз ету және заңнамаға сәйкес басқа да әлеуметтік кепілдіктер.

Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бос лауазымдар тізбесіне сәйкес келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге азаматтардың неғұрлым дайындалған бөлігін қабылдауды жүргізеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткергісі келетін адамдар Мағжан Жұмабаев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жүгінуге болады; Булаев қаласы, Целинная көшесі, 14 үй, тел: 2-01-25, 2-04-81.

ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ
КӨЛІК САҚШЫЛАРЫ ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Көлік сақшылары бастауыш сынып оқушылары арасында жол жүру Ережесін сақтау туралы деріс оқып, ата-аналармен кездесті.

Петропавл станциясындағы желілік полиция бөлімінің сақшылары қызмет атқаратын учаскелерінде орналасқан оқу орындарында тек қана қоғамдық тәртіпті күзетіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылар және студенттер арасында семинар-тренингтер өткізіп деріс оқуды әдетке айналдырған. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қоғамға жат қылықтардан аулақ болу, құқық қорғау органы қызметкерлерінің қоғамдағы рөлі жайында Петропавл станциясындағы ЖПБ бастығы, полиция полковнигі Е.М.Усманов Петропавл қаласының №20 орта мектебіне барып 7-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Оқу жылының басталуымен құттықтаған бөлім бастығы, кездесу барысында оқушыларға өздерінің жауапкершіліктерін еске салып өтті, шалыс басқан жағдайда жасөспірім қандай жауапқа тартылатыны жайында айтылды. Занды өкілінің қатысуымен түнгі уақытта көшеде жүруге болмайтыны жайында еске салып өтті, сол сияқты қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелерімен таныстырды, қылмыс құрбаны болып кетуден қалай сақтану керектігі жайында сөз қозғалды. Кездесу соңында №20 мектеп директоры алтын уақытын бөліп арнайы кездесуге келген Петропавл ст. ЖПБ бастығына, бөлім қызметкерлеріне профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізгендеріне, оқу жылының басталуымен құттықтағандарына алғыс білдірді.

Ал бөлімнің Булаев ст. ЖПБ қызметкерлері болса, Чистов орта мектеп оқушыларымен



кездесті. Сонымен бірге көлік сақшылары бастауыш сынып оқушылары арасында жол жүру ережесін сақтау туралы деріс оқып, ата-аналармен кездесті. Шылым шегу, есірткі затын қолдану неге апарып соқтыратыны жайында Булаев ст. ЖПБ бастығы, полиция аға лейтенанты Ә.Әліппаев статистикаға сүйеніп отырып толық мағлұмат берді. Ол ата-аналарға балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алуға белсенді қатысуы қажет екендігін түсіндіріп өтті. Бұл процестегі ата-ананың рөлі өте маңызды, өйткені ата-аналар балалары үшін алғашқы үйретушілер болып табылады және жол ережелері туралы, темір жол бойынан өту ережелері жайында қажетті білімді бере алады.

Петропавл станциясының желілік полиция басқармасы.

МӨСҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ
ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН
ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӨСҚ) жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 2831 адамды құрады. Бұл ретте бірі 2524 адамға төлем алған рет тағайындалды.

Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӨСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге:

- eGov.kz порталында авторизациялану;
- «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;

- онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет;

- бір күн ішінде тұрғылықты жеріңіздігі мансап орталығы (бұдан әрі - МО) бос жұмыс орындарын ұсынады;

- егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс күні ішінде қанықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге МО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады);

Бұл қызметті онлайн режимінде Электрондық еңбек біржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы мәліметтер болған кезде Еңбекшінің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӨСҚ-тан төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуі келісу үшін мобильді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, МӨСҚ қаражаты есебінен жұмыстан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адамды ол жұмыс іздеген кезінде қолдауға арналған.

Мемлекет бастысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын іске асыру мақсатында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жоғалған табысты алмастыру коэффициенті 40% - дан 45% - ға дейін ұлғайтылды. Бұл ретте төлем тағайындаудың ағымдағы төртбі сакталды және жұмысынан айырылған және жұмыссыз мәртебесін алған әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға ғана қолданылады.

Жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем мөлшерінің өсуі 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған алушыларға да әсер етті, ол автоматты түрде жүргізілді.

Бұдан бұрын хабарланғандай, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Электрондық еңбек біржасы арқылы Мансап орталықтарының қашықтықтан қызмет көрсету функционалын іске қосты.

Бұл жұмыссыздарды тіркеу және азаматтардың жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Енді барлығын тек интернет, компьютер және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы ғана жасауға болады.

Айгүл ЖҰНІСОВА,
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

«УЧАСКЕ» ЖЕДЕЛ-
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
ІС-ШАРАСЫ

Ағымдағы жылдың 14 тамызынан бастап облыс, сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында «Учаске» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілуде. Бұл ЖІӨ мақсаты - құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша жұмысты жандандыру, азаматтармен тығыз және сенімді қарым-қатынас орнату, сондай-ақ қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, заңды емес көші-қонның жолын кесу, шетелдіктер тарапынан Қазақстанда

болу ережелерін бұзушылықтарды анықтау. Сонымен қатар, азаматтық қару иелерін тексеру және жасөспірімдер ортасында және қолайсыз отбасыларда құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша рейдтер күшейтілді.

Полиция қызметкерлері аудан тұрғындары мен қонақтарынан іс-шараны өткізуге түсіністікпен қарауды сұрайды және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне барынша көмек көрсетуге шақырады.

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ
БӨЛІМІНІҢ КӨРНЕКІ СОТЫ

«Учаске» жедел-алдын алу іс-шарасы шеңберінде 2023 жылдың 26 тамызында Мағжан Жұмабаев ауданының әкімшілік сот ғимаратында пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарды шақыра отырып, ашық сот отырысы өтті. Сот процесі СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы сотымен 24.05.2023 жылы сотталған, 1996 жылы туған, Б. азаматына қатысты ҚР ҚК 3 тармағының 188 бабы 3 бөлігі бойынша 3 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу бойынша жыл сайын 100 сағат мөжбүрі еңбектен өту тағайындалды. Ол бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өту тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін, сондай-ақ оған сот жүктеген міндеттерді орындамағаны үшін 2023 жылдың 12 маусымынан бастап СҚО

бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев ауданының пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған. Сот бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыруға ауыстырды және жазаны одан өрте өту үшін орташа қауіпсіздік түзету мекемесіне жіберді.

Бұл іс-шара сотталғандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу, жазаны өтеудің белгіленген тәртібі сақтау, сондай-ақ қайта қылмыс жасамауға жол бермеу мақсатында өткізілді.

Арыстан ӘБІЛХАСЫМОВ,
СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев ауданының ОЖБ инспекторы әділет лейтенанты.

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі.
«Сенерий Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Копунов кө-сі, 5 үй).
Таралымы - 650

Газет аудан әкімдігін, аудандық мемлекеттік тапсырыс бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді ресми басым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамалық мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарнамалық мақала авторларының АҚЖР редакциясы көпестеріне жібермейді. Редакцияға жолданған қоғамдастыру, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, ретленіп, жіберіледі, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефон бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады